

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 307 (2016), 292 – 297

UDC 338.22

LOGO ON THE PECULIARITIES OF TOURIST DESTINATIONS

A.T. Tleuberdinova, D.M. Ussanova, B.R. Ospanov

Karaganda State University named after academician E.A.Buketov
Karagandy, Republic of Kazakhstan
e-mail: www.ksu.kz

Key words: logo, branding, slogan, visual identity.

Abstract. The article discusses the theoretical bases of the formation of hospitality industry. There are given a bibliographical review of the extent of a problem, clarified the concept of "hospitality." The authors have considered the needs to consider internal and external factors of the formation of hospitality industry in the selection of its development strategy, given rationale for the selection of internal factors.

ӨОЖ 338.22

ТУРИСТИК ДЕСТИНАЦИЯЛАР ЛОГОТИПІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖАЙЛЫ

А.Т. Тлеубердинова, Д.М. Усенова, Б.Р. Оспанов

Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова

Түйін сөздер: логотип, брэндинг, ұран, визуалдық өзгешелік.

Аннотация. Мақалада елдің туристік дестинация ретіндегі өзгешеленудің символы ретіндегі логотип ерекшеліктері қарастырылады. Мақалада әр түрлі елдердің қалыптасқан логотиптері мен олардың ұрандарына салыстырмалы талдау жүргізілген. Авторлар ел ұсынысуын туристік қызметтердің әлеуетті тұтынушылары үшін логотиптің дұрыс тандалуының маңыздылығын пайыздайды.

Халықаралық туризмнің өсу қарқыны үкіметтерге өз елдерін әлемдік нарықта көрсету және сарапау мақсатында брэндинг әдістерін қолдана отырып, негізгі туристік бағыт ретінде позициялауга тұрткі болады. Осы мақсатта бәсекелестік артықшылыққа жетудің бір әдісі болып есте қалатын логотипті құру табылады [1, 2]. Логотиптер ерекше сипаттамаларының анықтаушысы ретінде шыгады [3]. Олар қажетті қабылдау мен эмоциялар тудырады, мінез-құлыққа әсер етіп мойыннатуды жылдамдатады [4,5,6].

Логотип компания, ұйым немесе брэнд үшін тұрақты символ ретінде қолданылатын графикалық дизайн деп анықталады [7, б. 157]. Р. Пиментал [8] логотипті өзінде ұйымның өнімдері мен қызметтеріне қолайлы ассоциация тудыратын, визуалдық әдістегі стенограмма ретінде аныктаган. Логотиптер назар аударту және өнім немесе компанияның мойыннатуын жылдамдату үшін брэндтің «сұхбаттасу» әдісі болып табылады [9, б. 15]. Жалпы алғанда логотиптердің танымал болу, мәні бойынша өзара келісім тудыру және онтайлы аффективті әсер ету керектігімен галымдар келіседі [10, 11].

А. Рафаэльге сәйкес ел логотипі арнайы немесе тарихи оқигаларды көрсету мүмкін немесе ел азаматтарының мұратын білдіреді [4]. Р. Хариштың (2010) байқауы бойынша потенциалды келушілер мен инвесторлар өз шешімдерін қабылдау кезінде елдің бейнесіне көп мән береді [3].

Сондыктан визуалдық өзгешелікті «дұрыс» көрсетуге орасан зор жұмыстар жүргізлуде. Логотипте көрсетілген визуалдық бейне салыстырмалы түрде минималды бейне қолданып үлкен әсер беретін хабарлама секілді болу керек.

Визуалдық мектеп фирмалық стильдің визуалдық көріністерінде негізделіп, осы көріністер қалайша бәсекелестік артықшылықты қамтамасыз ете алатынына бағытталған. Осы перспектива графикалық дизайн саласында пайда болған, онда акцент логотиптің құру және басқару, сонымен қатар бренд атауы, түсі, дыбысы және ісінің өзгешелігіне болінеді, бұл бренд өзгешелігінің айғақ көрінісін қамтамасыз етеді [12, б.60].

Егер бренд өзгешелігі біргей мінез-құлықтың стандартқа жақын болса, оны визуалдық көрсету айтарлықтай оңай болады. Белгілер мен символдар өзгешеліктері жалған болып табылады, бірақ, егер де олар өзгеріс катализаторы ретінде шықса олар шынайы қалыптасу мүмкін. Олар фирмалық стильдің ішкі және сыртқы символдары ретінде шығуга міндетті.

Брендтің басқару негізінде, өзгешелік әдісінің негізгі жорамалы болып, барлық маркетингтік және коммуникациялық шарапардың тауарлық деңгейден стратегиялық, корпоративтік деңгейге дейін тенеліп, интеграциялануы табылады. Өзгешелік түсінігі брендтің жеке деңгейіне қолданылуы мүмкін, бірақ корпоративтік брендтің тұлғалық әдісте маңызды роль аткарады, себебі барлық коммуникациялардың бірегей өзгешелікке тенестірілуі стратегиялық деңгейдегі бренд-менеджментті талап етеді.

Маркетинг жағынан қараса, бренд өзгешелігі брендтің басқарудың басқа да маңызды факторы мен пайдалы құралы – даралығымен тығыз байланысты.

Логотип «брендпен байланысты адами сипаттамалар жиынтығына» жатқызылатын бренд өзгешелігін сипаттау мүмкін [13, б. 347]. Брендпен байланысты тұлғалық сипаттар берік, алуан түрлі және тұракты болады деп жорамалданады. Бренд өзгешелігінің білдіру және біргейлік маңыздылығы бренд тартымдылығы мен жалпы бренд әлеуетіне эсерін тигізеді. Тұтынушылардың бренд тұлғасымен сәйкестену деңгейін, тұтынушылардың брендтің өзін-өзі таныстыру мен өзгешелікті құруга сәйкес келуінің бағалау деңгейі анықтайды.

Брендтің әлді және сатылы өзгешелігі адамдарды сол брендтің тұтынуга тарту мүмкін, сол арқылы брендпен жеке байланыс орнату. Бренд даралығының негізі брендтердің абстрактілі, материалдық емес ойларын іске асыру үшін қолданылуы мүмкін және өшіммен байланысты брендтің ойын тұтынушы бейнесінде, жарнама мен басқа да аспектілерде жүзеге асыруға бағытталған. Брендтің әлді, тартымды және ерекше даралығын сәтті түрде құрастыру мен жүзеге асыру тұтынушылық эмоциялар тұгызды. Бұл тұтынушының брендке деген сенімділігі түсінүе деңгейін арттырады. Бренд даралығының брендтің басқарудың тімді құрал болу мүмкіндігінің негізгі себебі болып, тұтынушының өзінің өзгешелігін құрастырудың белгілі бір маркаларын тұтыну маңыздылығы табылады. Туризм контекстінде логотиптер туристердің нақты келуіне дейін имидж бен өзгешеліктің бекітілуіне ықпал етү мүмкін [14, б.18].

Осы саладағы зерттеулердің қорытындылары бойынша, кейбір логотиптер онтايлы эмоциялар туғызып, негізгі ойды сәтті жеткізеді, брендтің мойындалуы мен мінез-құлықтың ниеттерін арттырады [8, 9]. А. Рафаэли пайымдауынша, символдар мен логотиптер сенімділік пен ерікті шешімдер қажет болған жағдайларда адамдарды әрекетке итермелуе мүмкін [4]. П. Хендерсон және басқалары (2003) логотип мобиЛЬділігін атап өткен, олардың ойынша «мобиЛЬділік маркетинг-микстің кеңінен тараған элементі болып табылады, олар шетелге шыққан кезде еш өзгеріссіз қолданылу мүмкін»[9, с. 298].

Визуалдық символ ретінде логотип жай создерге қарағанда тезірек мойындалуы керек [15]. П. Хендерсон және Д. Кот пікірлері бойынша логотипті мойындау екі деңгейде жүзеге асады: біріншіден, көрермендер логотинті дұрыс қабылдау керек, логотипті еске түсіріп, оларды референтпен байланыстыра алу дәрежесінде болу керек [16]. Логотиптің ерекше дизайны брендтің біргейлікпен толтыра алады. Логотип бағытталуы брендтің құраушыларының бірі болғанына қарамастан, ол өзінше бір «визуалдық елшінің» ролін аткарады, демек негізгі ойлардың кешенін құрайды.

Логотип дизайні контекстінде туризм мақсаттары үшін мойындалу адамдардың көретін құрылымдагы (және жалпы логотипте) элементтердің арасындағы сәйкестікің болуы мен елдің даралығының деңгейімен анықталады, себебі ел имиджін елдің негізгі сипаттамаларын көрсетуде маңызды болып табылатын факторлар шектеу мүмкін. Логотиптердің бекітілген мағына тұгызғанда немесе логотиптер басқа да әйгілі символдар немесе объектілер секілді қабылданса бренд мойындалуы күштейеді.

Логотиптерде визуалдық есте сақтауга мүмкіндік беретіп арнайы эсер болғандықтан, олар басқа да барлық сауда маркаларынан оңай ажыратылуы керек. Мысалы, Жоан Миромен Испанияга арналған логотипі – күн мен мәдениет символы туризм индустрисындағы ең танымал символдардың біріне айналды. Туристік логотиптер графиканың әр түрлі нұсқаларында қолданылады. Әрбір ел үшін ел атауы, туы, күн, гүлдері мен жануарлары қолданылу мүмкін (сурет 1) [17].



Сурет 1 – Елдер туристік логотиптерінің үлгісі

Қайнар көзі: 18.

Үлттық ерекшеліктердің көп болуынан ел логотипін құрастыру өте құрделі және қымбат болып табылады. А. Колман және басқаларының айтуы бойынша, «логотиптер ерекше сезімдерді көрсетеді, сондыктан ол көп жағдайларда дизайннерлердің гана жұмысы емес» [19, с. 405]. Логотиптердің көбісі, нарықа енуге ешқандай катысы жоқ дизайн элементтері арқылы логотип магынасын беріп үлгермей сәтсіздікке ұшырайды [20]. Олардың көбісі адамдардың ойларында ұзакқа сакталмай, тез арада сәннен шығып кетеді [21]. Шын мәнінде макатар брендингіндегі гүлімі проблемдердің бірі болып бренд логотиптері мен ұрандарының тиімділігі табылады. С. Пайк өзінің бақылауында шыгармашылық ойларды сипаттаған, олардың көбісі ешқандай жетістікке жете алмайды [22, с. 437].

Аудиторияның логотиптер дизайннына әсерлерін зерттеу нәтижесінде сәтті мысалдардың негізгі сипаттамалары анықталды [8, 11]. Кең таралғаны болып қарапайымдылық (негізгі ойды дизайнның бірнеше элементтерімен көрсету мүмкіндігі), кәдімгі болуы (баршаға мәлім обьектілерді қолдану арқылы), үйлесімді болуы (ұсақ бөлшектердің өзара сәйкес келуі), құрылымы (логотиптің ені мен биіктігінің сәйкес келуі), және параллелизм (дизайндеңігі параллель сызықтардың саны). Дизайнда фирмалық стильді құрастыру қагидаларын пайдалану осындағы логотиппен белгіленген өнім бағасын жақсартады. Мықты құрылымы мен мықты топтастырылған логотиптер сол елдерге тұтынушылардың келуін белсендерілүін айтарлықтай арттырады.

Д. Мастен бойынша, адамдар логотип болып табылатын визуалдық элементтердің мәнін логотиптер білдіретін өнімдерге ауыстырады. Адамдар логотиптердің визуалдық сапасын жогары деп бағаласа, олар сәйкесінше өнімдерді де жогары деп бағалайды [21]. А. Ван ден Бош, Д. Чен және В. Элвинген корпоративтік визуалдық даралық (логотип, атауы, символ, түсі, типографикасы мен ұраны) пен корпоративтік беделдік көлемінің (көрінуі, өзгешелігі, нақтылығы, ашық болуы және құрамы) арасындағы байланысты көрсететін эмпирикалық мәліметтерді ұсынған [23]. Сонымен қатар, әлді логотиптер елді бағалауда адамдарды қолдау мүмкін, сөйтіп оларға сатып алу, инвестициялар, өмір сүру және сапарга шығу жөнінде шешім қабылдауда маңызды әсерін тигізеді [24]. Сонымен қатар, сапасы нашар логотиптер ел беделдігіне көрі әсер ету мүмкін.

2 суретте туристік дестинациялардың логотиптерін зерттеу мақсатында жүргізілген онлайн-сауалнамасын зерттеу нәтижелері көрсетілген.

Көптеген жағдайларда логотипті жобалау мен таңдауга қатысты шешімдер субъективті критерийлер мен сынауды қолданатын жетекшілердің құқығы болып табылады [25]. Визуалдық өзгешеліктер құрастыру

мен жылжыту көбінese қогаммен байланысу қызметі арқылы аныкталса, сейкесінше аудиторияны жүйелі түрде тестілеу жүргізбей нақты нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес.

Модель деңгейі

Жогары

Ел логотиптері

Орта



Төмен

Сурет 2 – Ел логотиптері модельдерінің деңгейі
Көзі: 26, 27.

Мысалы, ел логотипін өзгерту бойынша Вьетнам тәжірибесін айтуга болады, олар лотос жапырағы бар «Vietnam – the hidden charm» ұранын бес жапырағы бар «Vietnam – ve dep battan» ұранына ауыстыруды (сурет 3)



2008-2011жж. Вьетнам
логотипі

2012-2015жж. Вьетнам елінің
жана логотипі

Сурет 3 – Вьетнам логотиптерінің нұсқалары
Көзі: 27.

Кесте 1 – Жарнама ұрандарымен көрсетілетін сезімдер

Көрсетілетін сезім	Ұран үлгілері
Инсинуация	I feel Slovenia («Мен Словенияны сеземін»). Naturally Nepal – Once is not enough («Негізгі Непал – Бір рет барған жеткіліксіз»)
Сезімділік	Lithuania – See It! Feel It! Love It! («Литва – Оны көр! Оны сез! Оган ғашық бол!») Anguilla – Feeling is Believing («Ангілия – Сезу - Сену»)
Алаңдаушылық	It stays in you Colombia – The only risk is wanting to stay («Колумбия сенде қалады – негізгі тәуекел ол сонда қалуды қалау»)
Қоздыру	Smile! You are in Spain! («Күйініз! Сіз – Испаниядасыз!») Incredible India («Таңғажайыш Индия»)
Бір түрлі	Jump into Ireland («Ирландияга секті») Visit Bangladesh before tourists come («Бангладешті туристерден бұрын көрініз»)
Эпикалық	Montenegro – Wild Beauty («Черногория – жабайы әдемілік») The Kingdom of Swaziland – A Royal Experience («Свазиленд Королдігі – Королдік тәжірибе») Egypt – Where it all begins («Мысыр – Барлығы осында басталған»)
Нақты және қарапайым	Germany – The travel destination («Жөнелу пункты – Германия») Go to Hungary! («Венгрияга барыңыз!»)
Көзі: 29.	

Логотип авторларының айтуы бойынша, лотос әдемілік және шығыс философиясы бойынша өмірлік күшті білдіреді. Ашық жасыл түсі Вьетнамның негізгі туристік көрнекті жерлері болып табылатын аралдар, теңіз және экологияның білдіреді. Сары түс – мәдениет пен тарихты, құлғын түс – шытырман оқигаларды, қызылт түс – вьетнамдік қонақжайлықтың білдіреді.

Алайда, Вьетнам мәдениет, спорт және туризм Министрлігінің бастамасымен құрылған жаңа логотип турагенттер, дизайнерлер, лингвисттер, және жалпы қоғамдастық тараҧынан көрініс түгізді [27]. Осы факт, логотиптің құру үдерісі көптеген мамандардың зерттеу жұмыстарынан басталып, жылжыту бойынша орасан зор жұмыстарымен аяқталу керек тұжырымын дәлелдейді [28].

Логотип әдісі мен тілі ең негізгі шешімдердің бірі болып табылады. Ағылшын тілін пайдалану қосымша артықшылық береді, себебі қызыгуышылық танытатын клиенттердің санын арттыруға көмектеседі. Логотип ұраны туристік дестинацияның, ұсыныс бойынша оның мүмкіндіктерінің ерекшеліктерін түсіндіруге көмектеседі. 1 кестеде бірқатар мемлекеттердің туристік логотиптерінің жарнамалық ұрандары көрсетілген.

Сонымен, логотип аудиторияга орасан зор әсерін тигізетін құрал болып табылады, соның көмегімен әлеуетті туристік дестинациялар жайлы қажетті ақпарат әлеуетті туристерге жеткізіледі. Логотип ынталандыратын онтайтын эмоционалдық әсерлер тұтынушылардың жеке таныстырудан көбірек саяхаттауга уәждемелейді. Сәтті логотип тұтынушылардың ниет білдіретін қызметтерді қабылдауга мүмкіндік береді, сонымен қатар адамдардың санасында сәйкес брендті қалыптастыруға, сатып алушы ушін құндылықтың қамтамасыз ететін, есте қалу және өзгешелікке кепілдеме беретін, тауардың ерекше қасиеттерін ұсынатын нақты бәсекелестік артықшылықтардың дұрыс көрінісін беруге көмектеседі.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Jaffe, E., & Nebenzahl, D. (2001). National image and competitive advantage: The theory and practice of country-of-origin effect. Copenhagen: Copenhagen Business School Press.
- [2] Kleppe, I., & Mossberg, L. (2006). Company versus country branding: Same, same, but different. In F. Asche (Ed.), Primary industries facing global markets: The supply chains and markets for Norwegian food and forest products (pp. 217-246). Copenhagen, Denmark: Copenhagen Business School Press.
- [3] Harish, R. (2010). Brand architecture in tourism branding: The way forward for India. Journal of Indian Business Research, 2(3), 153-165.
- [4] Rafaeli, A., Sagiv, Y., & Derfler-Rozin, R. (2008). Logos and initial compliance: A strong case of mindless trust. Organization Science, 19(6), 845-859.
- [5] Berry, N.C. (1989). Revitalizing brands. Journal of Consumer Marketing, 5(3), 15-20.
- [6] Morrow, D. J. (1992). An image makeover. International Business, 5(3), 66-68.
- [7] Bennett, P. D. (1995). Dictionary of marketing terms. Chicago, IL: NTC Business Books.
- [8] Pimentel, R. W. (1997). Consumer preference for logo designs: Visual design and meaning. (Unpublished doctoral dissertation). University of Arizona, Tucson, AZ.
- [9] Henderson, P. W., & Cote, J. A. (1998). Guidelines for selecting or modifying logos. Journal of Marketing, 62, 14-30.
- [10] Cohen, D. (1986). Trademark strategy. Journal of Marketing, 50, 61-74.
- [11] Robertson, K. R. (1989). Strategically desirable brand name characteristics. Journal of Consumer Marketing, 6, 61-71.
- [12] Olins, W. (1979) 'Corporate identity: the myth and the reality', Royal Society of Arts Journal, March.
- [13] Aaker, J. L. (1997) 'Dimensions of brand personality', Journal of Marketing Research, 34. (August): 347-5617. Fournier, S. (1998) 'Consumers and their brands: developing relationship theory in consumer research', Journal of Consumer Research, 24 (4): 343-73.
- [14] Тлеубердинова А.Т. О вопросе брендинга туристского продукта//Туризм: право и экономика. - 2015. - №1 . – С.14-19.
- [15] Edell, J. A., & Staelin, R. (1983). The information processing of pictures in print advertisements. Journal of Consumer Research, 10, 45-61.
- [16] Henderson, P. W., Cote, J. A., Leong, S. M., & Schmitt, B. (2003). Building strong brands in Asia: Selecting the visual components of image to maximize brand strength. International Journal of Research in Marketing, 20, 297-313.
- [17] Vary, A.P., 2010. Country slogans and logos: Findings of a bench marketing study. 8th International Conference on Management, Enterprise and Benchmarking. Budapest. pp: 199-208.
- [18] Hardy, G., 2009. Downwithdesign. Available from <http://www.downwithdesign.com/logo-design/brands-of-the-land-travel-tourism-logos/> [Accessed 05 07, 2014]. <Http://www.wttc.org>, 2014. www.wttc.org; <http://wttc-infographic.org>. [Accessed 7, 27, 2014].
- [19] Colman, A. M., Woerner, J. M., & Norris, C. E. (1995). Sight bites: A study of viewers' impressions of corporate logos in the communications industry. Journal of the Market Research Society, 37(4), 405-415.
- [20] Byrom, J.W., & Lehman, K.F. (2007, June). Corporate visual identity in local government: The role of the logo. In Proceedings of the 6th International Congress on Public and Non-profit Marketing (pp. 1-13), Portugal.

- [21] Masten, D. L. (1988). Logo's power depends on how well it communicates with target market. *Marketing News*, 22, 2.
- [22] Pike, S., Bianchi, C., Kerr, G., & Patti, C. (2010). Consumer-based brand equity for Australia as a long-haul tourism destination in an emerging market. *International Marketing Review*, 27(4), 434–449.
- [23] van den Bosch, A. L. M, de Jong, M., & Elving, W. J. L. (2006). Managing corporate visual identity: Exploring the differences between manufacturing and service, and profit-making and nonprofit organizations. *Journal of Business Communication*, 43, 138-157.
- [24] Kotler, P., & Gertner, D. (2002). Country as brand, product, and beyond: A place marketing and brand management perspective. *Brand Management*, 9, 249–261.
- [25] Lee, S., Rodriguez, L., Sar, S. The influence of logo design on country image and willingness to visit: A study of country logos for tourism.
- [26] Rodriguez, L., Asoro, R. L., Lee, S., Sar, S. Gestalt Principles in Destination Logos and Their Influence on People's Recognition and Intention to Visit a Country.
- [27] Travel Blackboard (Asia Edition). (2012, February 16). Vietnam's 'timeless charm' faces testing times. Retrieved from <http://www.travelblackboardasia.com/article/81728/vietnams-timeless-charm-faces-testing-times>.
- [28] Wanderlust Travel and Destination Marketing. (2009). Logo design for travel and destinations. Retrieved from <http://www.createwanderlust.com/logo-design-for-travel-and-destination-brands>.
- [29] Coldwell, W., 2013. Theguardian. Available from <http://www.theguardian.com/travel/2013/nov/21/tourism-slogans-around-the-world> [Accessed 05 20, 2014].

УДК 338.22

ОБ ОСОБЕННОСТЯХ ЛОГОТИПА ТУРИСТСКИХ ДЕСТИНАЦИЙ

Тлеубердинова А.Т., Усенова Д.М., Оспанов Б.Р.

Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова
Республика Казахстан, г. Караганда

Ключевые слова: логотип, брэндинг, слоган, визуальная идентичность.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности логотипа как отличительного символа идентификации страны, как туристской дестинации. В статье проведен сравнительный анализ качества сформированных логотипов различных стран и их слоганов. Авторы отмечают значение правильного выбора логотипа для соответствующего восприятия предложения страны потенциальными потребителями туристских услуг.

Поступила 25.04.2016 г.